

**КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ**

**ФАКУЛЬТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ**

**СБОРНИК**

**материалов международной научно-практической конференции  
«Актуальные проблемы международных отношений, права и экономики и  
поиск их решений в свете Стратегии «Казахстан - 2050»,  
посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби  
и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова**

**4 апреля 2014**

**Алматы, 2014**

УДК 378  
ББК 74.58  
М 11

Рекомендовано к изданию Ученым советом факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби

Под общей редакцией

академика, доктора технических наук, профессора, ректора КазНУ им. аль-Фараби Мутанова Г.М., доктора юридических наук, профессора, декана факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Шакирова К.Н.

Редакционная коллегия:

доктор исторических наук, профессор К.И. Байзакова,  
кандидат исторических наук Нурдаuletова С.М.

М 11 Сборник материалов международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы международных отношений, права и экономики и поиск их решений в свете Стратегии «Казахстан - 2050», посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова, 4 апреля 2014 г. / Под общей редакцией академика, д.т.н., профессора, ректора КазНУ им. аль-Фараби Г.М. Мутанова, д.ю.н., профессора, декана факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Шакирова К.Н. – Алматы, 2014. – 334 с.

**ISBN 978-9965-20-297-1**

В данном сборнике представлены материалы международной научно-практической конференции, посвященной 80-летию КазНУ им. аль-Фараби и 60-летию юбилею профессора К.Н. Шакирова. В статьях сборника рассматриваются различные аспекты актуальных проблем современных международных отношений, вопросы решений правовых проблем, поиск решений проблем экономики в свете стратегии «Казахстан – 2050». Сборник предназначен для широкого круга читателей, специалистов по международным отношениям, праву, экономики.

Материалы международной научно-практической конференции опубликованы в редакции авторов.

УДК 378  
ББК 74.58

**ISBN 978-9965-20-297-1**

© КазНУ им. аль-Фараби, 2014

## СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие ректора КазНУ им. аль-Фараби, академика Г.М. Мутанова	7
Слово о юбиляре	9
<b>АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННЫХ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ</b>	
<b>Gregory Gleason</b> From signal theory to global politics: the study of international relations in the digital age	13
<b>Pierre Chabal</b> «Double» degrees, «joint» diplomas, «shared» curricula: towards a destructuring form of the multilateralisation of higher education ?	18
<b>Rouben Azizian</b> Realism and Triumphalism about the Rise of Asia	22
<b>Sebastian Harnisch</b> Facing liberal state-building dilemmas while probing chances for cooperation in Central Asia	25
<b>Акатаева А.А.</b> Влияние информационных технологий на современные международные отношения	29
<b>Әбдіқадырова Ж.Б.</b> Мысырдың ХХІ ғасыр басындағы Таяу Шығыс қалтығысын реттеу бойынша бастамалары	36
<b>Әліпбаев А.Р., Божеева Б.З.</b> Қазақ-түрік ынтымақтастығындағы «Жаңа синергия» бағдарламасының мәні	42
<b>Байзақова К.И., Каракулов Е.</b> Проблемы безопасности в Центральной Азии после вывода Международных сил содействия безопасности из Афганистана в 2014 г.	47
<b>Байкушикова Г.С.</b> Проблемы реализации Концепции экологической безопасности Республики Казахстан	53
<b>Балаубаева Б.М.</b> Қазақстан мен Ресей арасындағы мәдени қарым-қатынастардың кейбір астарлары	56
<b>Голикова В.И.</b> Политические события в странах Ближнего Востока и Северной Африки и Центральная Азия	59
<b>Губайдуллина М.Ш., Инсебаева С.</b> European Union and Central Asia in a Changing World: The Normative Power Europe Concert	62
<b>Деловарова Л.Ф.</b> Особенности миграционных процессов в Центральной Азии в начале ХХІ века: проблемы и перспективы	65
<b>Джалилов З.Г.</b> Казахстан в системе международных отношений исламского мира: потенциал и ресурсы сотрудничества	68
<b>Жумагулов К.Т.</b> Исследование проблем всемирной истории в свете Стратегии «Казахстан-2050»	73
<b>Идрышева Ж.Қ.</b> ҚХР мен РФ арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың қалыптасып дамуы	74
<b>Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.</b> Халықаралық қатынастарға төніп тұрған жана қауіп-қатерлер жағдайындағы бітімгершілік мәселесі	81
<b>Кукеева Ф.Т., Ормышева Т.А.</b> Зеленая экономика – новая парадигма развития: инициатива Казахстана	85

14. Нурша А. Российско-китайские отношения: современное состояние и перспективы // Казахстан в глобальных процессах, 2008. - №4
15. Хаолин У. «Российско-китайские отношения: история, современность, перспективы», М., 1995.
16. Капитал салымдарын корғау және қолдау туралы келісімі // [http://asiapacific.narod.ru/countries/china/rf\\_knr\\_partner.htm](http://asiapacific.narod.ru/countries/china/rf_knr_partner.htm)
17. Дышин А. В., Перспективы развития экономики Китая и российско-китайские внешнеэкономические связи // Китай и Россия : история взаимоотношений, политика, экономика, М., 2006.
18. Гончаров С.Н., Виноградов А.О. К вопросу об эволюции внешнеполитической концепции КНР //Проблемы Дальнего Востока. -1988. -№4. -С.26-38
19. Визит Д.Медведева в КНР // <http://russian.china.org.cn/exclusive/txt/201009/10/content20907162.htm>
20. Меморандум о взаимопонимании в борьбе с терроризмом, сепаратизмом и экстремизмом между РФ и КНР о взаимодействии в области мирного использования атомной энергии // <http://www.newsru.com>

Күзембаева А.Б., Ұзақбаева Г.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРҒА ТӨНІП ТҮРҒАН ЖАҢА ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ БІТІМГЕРШІЛІК МӘСЕЛЕСІ

«Қырғи-қабақ соғысының» аяқталуымен әлемдік қауымдастық кең ауқымды және динамикалық өзгерістер кезеңіне қадам басты. Бұл өзгерістер адамзат дамуының барлық салаларында қарама-қайшы үрдістермен ерекшеленді. Бұл тұрғыда постбиполярлы кезеңде де едәуір осал және халықаралық қатынастар қатысушыларының өзара әрекеттесуінің жорамалдауға киын саласы болып келетін халықаралық қауіпсіздік мәселелері ерекше рөлге ие. Блоктық қарсыласудың тоқталуына қарамастан, қауіпсіздік саласындағы белгісіздік бірқатар мемлекетшілік қақтығыстарды реттеу мен халықаралық лаңкестікпен күрес үдерісінде аса байқалды.

1990-жылдарға дейін барлық соғыстан кейінгі қақтығыстар екі қарама-қарсы қоғамдық-саяси жүйе мен қуаттылығы жағынан теңдесі жоқ екі әскери-саяси блоктар – НАТО мен БҰҰ-ның күресінің аясында өтті. Сондықтан сол кезеңнің жергілікті қарулы екі протагонистер – АҚШ пен КСРО-ның қақтығыстары ықпал ету зоналары үшін жаһанды күресінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылды. Ал әлем құрылысының биполярлы үлгісінің ыдырауымен екі ұлы державаның идеологиялық қарсыласуы өткенге кетіп, дүниежүзілік соғыстың басталуы мүмкіндігі азайды.

Оптимистік көңіл-күйге қарамастан, халықаралық сахнада геосаяси тұрақтылықты құру жүзеге аспады. Мемлекеттер ішінде бұрын сонды жамылып келген назарылықтардың ушығуымен байланысты халықаралық жағдайдың кенеттен нашарлауы көрініс тапты. Әсіресе ұлттаралық және этноконфессиалды қатынастар ушығып, бұл өз кезегінде мемлекеттер ішінде соғыстар мен қарулы қақтығыстарға алып келді.

Кейбір мемлекеттердің халықтары мен аз ұлттары даулы аумақтарды, автономия, толықтай бөліну мен тәуелсіздіктерін талап ете бастады.

Барлық қазіргі қақтығыстарда бұрынғыдай тек геосаяси емес, сонымен қатар этноұлттық және этноконфессиялық сипаттағы геоөркеніетті құраушысы бар екенін айта кету жөн. Мемлекетаралық және аймақаралық соғыстар мен қарулы қақтығыстардың санының қысқаруымен қатар этноконфессионалды, этноаумақтық және этносаяси себептермен пайда болған мемлекетшілік қақтығыстар санының артуы байқалды. Әсіресе, көптеген қарулы бірлестіктер мен ыдыраушы билік құрылымдары арасында қақтығыстар жиіледі.

Осылайша, ХХ ғасырдың соңында – ХХІ ғасырдың басында әскери қақтығыстардың кең таралған түрлері – ішкі (мемлекетшілік) қарулы қақтығыс пен азаматтық соғыс болды. Бұл мәселелер бұрынғы федеративті құрылымды социалистік мемлекеттер, сонымен қатар Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде ерекше өткір сипатта болды.

Көп жағдайда бұл қақтығыстар бұрын сонды болмаған қарқындылықпен, толық аймақтардың тұрақтылығына қауіп төндірген және кең ауқымды жаһанды гуманитарлық көмекті қажет еткен жергілікті тұрғындардың жаппай миграциясымен сипатталды.

Егер «қырғи-қабақ соғысының» аяқталуынан кейінгі бірнеше жылдар бойы әлемдегі қарулы

қақтығыстар саны үштен бір бөлігіне қысқарса, 1990-жылдардың ортасына таяу едәуір еселенді. Тек 1995 жылдың өзінде әлемнің 25 түрлі аймағында 30 ірі қарулы қақтығыстардың орын алғанын айту жеткілікті [1].

Одан басқа, халықаралық қатынастардың дамуындағы айтарлықтай өзгерістер, геосаясат пен геостратегия саласындағы түбегейлі өзгерістер, Солтүстік – Оңтүстік сызығы бойынша пайда болған асимметрия салдарынан бұрынғы мәселелердің дамуы мен жаңа мәселелердің пайда болуы (халықаралық лаңкестік пен ұйымдастырылған қылмыс, есірткі бизнесі, қару мен әскери техника контрабандасы, экологиялық апаттар қаупі) табанды шешімдерді талап етеді.

Тұрақсыздық зонасының айтарлықтай кеңеюі жүзеге асуда: егер де бұрын «қырғи-қабақ соғысы» кезеңінде бұл зона негізінде Таяу және Орта Шығыс елдерін қамтыса, ендігі кезекте Батыс Сахара аймағында басталып, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Еуропа, Закавказье, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Орталық Азия елдері арқылы өтеді. Және де бұл тәріздес жағдайдың қысқа мерзімді және өтпелі болып табылмайтынын сеніммен айтуға болады.

Сонымен қатар, қазіргі қарулы қарсыластықтың – горизонталь бойынша (жаңа елдер мен аймақтардың қосылуы) және вертикаль бойынша (тұрақсыз мемлекеттер ішінде зорлықтың ауқымы мен қарқындылығының артуы) кеңеюі мүмкіндігін айту жөн.

Бітімгершілік қызмет халықаралық ықпалдастықтың ерекше бағыты ретінде әлемдік қауымдастықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде айрықша орынға ие болды. Бітімгершілік операциялар дағдарысты және қақтығыстарды реттеуде халықаралық қауымдастықтың басты құралы болып табылады.

Қазіргі бітімгершілік жүйесі XX ғасырдың ортасында екінші дүниежүзілік соғыстан кейін екі қарама-қарсы әскери-саяси блоктардың биполярлы әлемінің құрылуы аясында пайда болды. «Қырғи-қабақ» соғысы аяқталғаннан кейін бітімгершілік қызметтің теориясы мен тәжірибесі түбегейлі өзгеріске ұшырады. Бұл халықаралық қауымдастықтың бітімгершілік операцияларын жүргізу қажеттілігі артқан және БҰҰ-ның осы саладағы әлеуетінің елеулі түрде шектеліп отырған кезінде халықаралық қатынастардың жаңа жүйесіндегі қақтығыстарды реттеу институтының орнын айқындауға ұмытылысымен негізделеді.

Бітімгершілік операциялар егеменді мемлекеттер арасында немесе саяси, экономикалық, территориялық, ұлттық және діни қарама-қайшылықтар негізінде туындайтын әскери қақтығыстарды алдын алу, болдырмау мақсатында БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің немесе мемлекеттер коалициясының (НАТО, ЕҚЫҰ және т.б.) әскери-саяси басшылығының шешімі бойынша қолданылатын әскери және әскери емес әрекеттер мен басқа да шаралар жиынтығы болып табылады.

«Бітімгершілік» терминін алғаш рет 1956 жылы Синай түбегіне жіберілген, құрамында 5000 жеңіл қаруланған бақылаушы кіретін БҰҰ-ның алғашқы төтенше күштерін сипаттау барысында БҰҰ Бас хатшысы Даг Хаммершельд қолданған еді. Елу жылдан астам уақыт бойы бұл атау қалыптасып, бейбітшілікті қамтамасыз ету мақсатында дипломатиялық шаралармен жүргізілген, халықаралық қауымдастықпен мақұлданған шектеулі әскери операцияларға қатысты қолданыла бастады. Алғашында бұл операциялар БҰҰ Бас хатшысы және БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің шұғыл басшылығының жедел қолдауымен жүргізілді. Кейіннен бұл термин қандай да бір аймақтық ұйым және Қауіпсіздік Кеңесінің қолдауымен арнайы құрылған күштердің қадамдары барысында да қолданыла бастады.

Соңғы екі онжылдықта бітімгершілік адам құқығын қорғау, сайлаулар өткізу, қарусыздану, демобилизация, аймақтарды минадан тазарту және азаматтық әкімшілік институттарына, әсіресе құқық қорғау институттарына көмек сияқты азаматтық салаға маңызды болып табылатын міндеттерді қамти бастады. Операцияның бұл түрі көп жағдайда кешенді немесе жан-жақты бітімгершілік деп аталады. Сол себепті, «бітімгершілік» термині бейбітшілікті қолдауға бағытталған қызметтің барлық саласында қолданыла бастады.

Бұл тәріздес алғашқы операция Намибияда (Өтпелі кезеңге өтуге БҰҰ көмек беру тобы 1989 ж.сәуірі) орын алды. Кейін Батыс Сахара, Камбоджа, бұрынғы Югославия, Сомали, Руанда, Гаити, Мозамбик, Орталық Африка Республикасы, Шығыс Тимор, Косово (басқа халықаралық және аймақтық құрылымдардың қатысуымен) және т.б. операциялары орын алды.

1990 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы да, бітімгершілік тұжырымдамасы да халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа конфигурацияның қалыптасу жағдайында сыннан өтті. БҰҰ

Мыңжылдық саммитінің жұмысында бітімгершілікті нығайту қажеттілігіне баса назар аударылды. Бұл әсіресе, 2000 жылы 7 қыркүйекте мемлекеттер басшылары деңгейінде өткен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында, сонымен бірге бітімгершілікке байланысты Л. Брахими жетекшілігіндегі сарапшылар тобымен әзірленген арнайы баяндамада көрініс тапты [2].

Қауіпсіздік Кеңесі қорытынды құжатында ынтымақтастықты және БҰҰ операцияларымен байланысты мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастарды нығайту, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау ісінде БҰҰ тиімділігін арттыру қажеттілігі атап өтілді.

Мыңжылдық саммитінде БҰҰ-ның бұрынғы Бас хатшысы К.Аннан мемлекеттерді қақтығыстарды реттеу жолында ынтымақтасуға шақыра отырып, қазіргі заманғы халықаралық қатынастарда халықаралық қақтығыстардың сипатының өзгеруі себебінен қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын қалыптастыру және саяси құралдар арқылы қақтығысты шешу қажеттілігіне назар аударған болатын [3].

Бұл орайда халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, атап айтқанда, мемлекетаралық және мемлекетішілік деңгейдегі түрлі қарама-қайшылықтарды реттеуде орталық рөлді ойнай алатын аймақтық ұйымдардың маңыздылығы артуда. БҰҰ-ның бұрынғы Бас Хатшысы Бутрос Гали «Әлем үшін күн тәртібі» баяндамасында БҰҰ-ның аймақтық ұйымдармен жақын ынтымақтастығын орнату мүмкіндігін баса айтқан болатын. Бутрос Галидің пікірінше, осындай ынтымақтастық Қауіпсіздік Кеңесінің ықпалын арттыра отырып, халықаралық қатынастардағы консенсус пен демократияландыруға өз септігін тигізеді. Халықаралық деңгейдегі миссияларға балама ретінде аймақтық ұйымдардың бітімгершілік миссияларының қажеттілігіне келесі жәйт дәлел бола алады: қақтығыс ошағына жақын орналасуына байланысты бұл ұйымдар халықаралық қауіпсіздікке төнген қауіптерге тез арада әрекет етіп, әлемдік қауымдастықтың басқа мүшелерімен салыстырғанда қақтығыстың табиғатын әлдеқайда анық түсінеді [4].

90-шы жылдары аймақтық ұйымдар көмегімен 10-ға жуық бітімгершілік операциясы жасалынды. Оның тең жартысы БҰҰ өтініші бойынша мемлекеттердің немесе мемлекеттер коалициясымен жүргізілген болатын. Аймақтық бітімгершілік қызметке заңдық негіз ретінде БҰҰ Жарғысының VIII тармағы негіз болады. Бұл тармақтың 52 бабына сәйкес, Қауіпсіздік Кеңесі аймақтық келісім немесе...аймақтық орган арқылы немесе мүдделі мемлекеттермен не өзінің бастамасымен жергілікті дауларды бейбіт түрде реттеуді ынталандырады» [5].

90-шы жылдары аймақтық ұйымдар мен құрылымдар өз тараптарынан бітімгершілік қызметке белсене араласып, бітімгершілік операцияларды жүргізуде концептуалды, әскери-саяси және жедел – тактикалық амалдарды даярлауға кірісіп кетті. Жаңа халықаралық жағдайда НАТО, ЕҚЫҰ сынды алдыңғы қатарлы аймақтық ұйымдар аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселесінде өз көзқарастары мен амаладырын барынша қарастырды.

Аймақтық ұйымдардың ішінде тек НАТО ғана командалық басқаруымен өлшенетін, әртүрлі құрылымдардың өзара байланысымен, дағдарыс жағдайында стратегиялық жоспарлау және әрекет ету мүмкіндігі бар қажетті әскери әлеуетке ие болып отыр.

БҰҰ мен НАТО бітімгершілік саласындағы өзара ықпалдастығының заңдық негізі БҰҰ Жарғысының VIII тармағы және БҰҰ негізі қағидаларын растайтын 1949 жылғы Вашингтон келісім-шарты болып табылады.

90-жылдардың басында НАТО өзгерген саяси шынайлыққа бейімделуі тиіс еді. Бұл уақыт кезеңінде блоктың трансформациясы үрдісі аясында бітімгершілікке деген концептуалды таламдарында және дағдарысқа жалпы әсер ету мәселелерінде шынайы өзгерістер орын алды.

1991 жылдың қараша айында Одақ Кеңесінің Римдік сессиясында қабылданған тұжырымдамасының стратегиялық бағытының бірі ретінде әскери-саяси дағдарыстарды бақылау бағыты белгіленді. Осы орайда, «дағдарысты бақылау» концепциясы дайындалды, яғни ұрақтылыққа қол жеткізу мақсатында әскери күшті қолдану және қысым жасау құраушылары енді.

1992 жылы бітімгершілік операциясының әскери доктринасы дайындалды, ал 1994 жылы «Бейбітшілікті қолдау операциялар жөніндегі НАТО Доктринасы» (Military Planning Document for Peace Support Operations) атты құжат қабылданып, Бұл құжаттарда НАТО-ның бітімгершілік операцияларға іс жүзінде қатысуының барлық аспектілері мен шарттары қарастырылды, атап айтқанда, бейбітшілікті қолдау операцияларын НАТО-ның әскери жоспарлау, оның ішінде, БҰҰ мандатына қарамастан осындай операцияларды қаржыландыру, олардың сипатын анықтау және

жүргізу, сондай-ақ, кез-келген жағдайда сәйкес мандатты орындаудан бас тарту мүмкіндігі қарастырылады [6].

1999 жылдың сәуір айында қабылданған НАТО-ның жаңа Стратегиялық концепциясында бітімгершілік саласындағы Одақ қызметі айқындалды. 1999 жылғы Стратегиялық концепциясында НАТО басқа ұйымдармен ынтымақтастаса отырып, қақтығыстардың алдын алуға ықпалдасатындығы, ал дағдарыстың пайда болуы жағдайында халықаралық құқыққа сәйкес тиімді түрде реттеуге қатысатындығы, белгілі бір жағдайға байланысты және өзінің тәртіптеріне сәйкес бітімгершілік және басқа да операцияларды БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі бастауымен немесе ЕҚЫҰ жауапкершілігі аясында, оның ішінде өзінің ресурстарымен және тәжірибесімен бөлісу арқылы жүргізетіндігі көрсетілген болатын [7].

Одақтың 2010 жылғы жаңа стратегиялық концепциясында НАТО-ның дағдарысты реттеуге қатысты бірыңғай көзқарасы ұйымның дағдарыстың барлық кезеңдеріне қатысуын көздейді, сондықтан «НАТО дағдарыстарды алдын алу, оларды реттеу, қақтығыстан кейінгі жағдайды тұрақтандыру және қайта қалпына келтіруді қолдау мақсатында мүмкін болатын және қажетті аумақта әрекет етеді».

Одақтың стратегиялық белсенділігінің географиялық шекараларының кеңеюі қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесінің маңызды факторы ретінде күшеюіне алып келді. Одақ 90-жылдардан бастап, төрт бітімгершілік операцияларға қатысты: Югославия аумағында (Босния мен Герцеговина Республикасы, Косово аймағы), Ауғанстан және Ирак.

НАТО-ның бітімгершілік қызметі тәжірибе жүзінде бұрынғы Югославия республикасында дағдарысты және әскери қақтығыстарды реттеу бойынша операциясында көрініс тапты. НАТО-ның осы аймақта дағдарысты орнықтыру қызметі оның толық және біртіндеп кеңеюімен, БҰҰ мен ЕҚЫҰ қызметінің шеттетілуімен және жеке дара әрекет етуімен сипатталады.

1995 жылдан бастап бұрынғы Югославиядағы дағдарысты әскери-саяси реттеу үдерісінде алғашқыда НАТО, кейін Еуропалық Одақ басым рөл ойнаған болатын. Бұл БҰҰ-ның саяси және әскери ықпалының әлсіздігімен түсіндіріледі. Бұрынғы Югославия территориясында БҰҰ және НАТО бітімгершілік күштері арасында міндеттерді бөлісу басталғаннан кейін, НАТО Босния және Герцеговинадағы Дейтон бейбіт келісімінің шарттарының жүзеге асырылуын бақылау жауапкершілігін өз мойнына алады. Осылайша, алғашқы рет бұл бітімгершілік операция НАТО-ның жеке дара басқаруына өтеді.

НАТО-ның бұрынғы Югославия аумағында қақтығысты реттеуге белсенді араласуы халықаралық бітімгершілік қызмет тетіктерінің өзгеруіне тікелей ықпал етті. Бұл бейбітшілікті қолдау мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында бірнеше халықаралық ұйымдар арасында өзіндік «еңбек бөлінісіне» негізделген бітімгершіліктің жаңа үлгісінің қалыптасуына түрткі болды.

Егер де НАТО-ның Югославия аумағындағы бітімгершілік операциясы талқылауға ұшырады, ал керісінше Ауғанстандағы операция мүдделі тараптың келісімінің болуы негізінде жүргізілуде.

2003 жылдан бері Солтүстікатлантикалық одақ БҰҰ мандаты бойынша Халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштерін (ХҚЖК) басқарып келеді. Алғашқы кезде Халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштері алдында Кабул мен жақын орналасқан аудандарда қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдемдесу міндеті тұрды. Кейінгі БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесі қабылдаған резолюциялары Халықаралық қауіпсіздікке жәрдемдесу күштеріне мемлекеттің басқа да аудандарында орталық үкіметтің билік құзыреттілігін кеңейтуді, мемлекеттің дамуы мен қайта қалпына келуіне қолдау көрсетуді жүктеді. НАТО мен ХҚЖК БҰҰ-ның Ауғанстандағы миссиясымен, сондай-ақ мемлекеттік басқару, жағдайды қалпына келтіру мен тұрақтандыру бойынша жұмыс жүргізіп отырған басқа да халықаралық құрылымдармен тығыз ықпалдасуда. Атап өтілген тығыз ықпалдастық Ауғанстанда да, БҰҰ мен НАТО елдерінің астаналарында да түрлі форматта жүзеге асуда.

Осылайша, қазіргі таңдағы бітімгершіліктің «қырғи-қабақ соғысының» аяқталып, халықаралық қатынастардың жаңа кезеңінің өзіндік ерекшеліктеріне сәйкес модификациясын көруге болады. 1990 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымы да, бітімгершілік тұжырымдамасы да халықаралық қатынастар жүйесінде жаңа конфигурацияның қалыптасу жағдайында сыннан өтті.

Қорытындылай келе, қазіргі таңдағы бітімгершілік өзіндік кері тұстары мен кемшіліктері ар болғанымен қарулы қақтығыстардың алдын-алу, бақылау мен реттеудің тиімді тәсілі ретінде сақталып отыр. БҰҰ Бас Хатшысы Пан Ги Мун бейбітшілікті қамтамасыз ету операцияларына арналған Қауіпсіздік Кеңесінің арнайы отырысында сөйлеген сөзінде: «Халықаралық ынтымақтастықтың ешбір тетігі бітімгершілік сияқты саяси ықпал, қауіпсіздік пен құқық басымдылығы және адам құқықтарының қорғалуы секілді аспектілерді қамтымайды», деп атап өткен болатын [8].

Жалпы халықаралық қауымдастықтың бітімгершілік күштерінің нәтижелілігін арттыру үшін қарулы қақтығыстың алдын-алуға, қарулы әрекеттердің басталуынан бұрын қимылдауға мән бөлу қажет. Ауруды емдегеннен, оның алдын-алу жеңілдеу және аса шығынды да талап етпейтіні анық. Сонымен қатар, бітімгерлік операциялар барысында қатар алып жүру күрделі болғанымен – негізгі халықаралық-құқықтық нормалардың сақталуы және адам құқықтары мен мемлекеттердің құқықтары бұзылмауы маңызды орын алады.

#### Әдебиеттер:

1. Ежегодник СИПРИ 1996. Вооружение, разоружение и международная безопасность. – М., 1997. – С. 31.
2. Документ ООН. А/55/305 (2000) // Официальный сайт ООН: <http://www.un.org/russian/document>
3. Мы, народы: роль ООН в XXI веке. Доклад Генерального секретаря ООН. Документ ООН. А/54/2000, параграф 362 // <http://www.un.org/russian/document>
4. Boutros Boutros Ghali. An Agenda for Peace: Preventive Diplomacy, Peacemaking and Peacekeeping. Report of Secretary-General pursuant to the statement adopted by the Summit Meeting of the Security Council on 31 January 1992. - A/47/277-S/24111. - N.Y.- 17 June 1992. - P.6.
5. Устав Организации Объединенных Наций от 26 июня 1945 г. // Международное право в документах. - 3-е издание. - М., 2000. - Гл. VIII, ст. 52. - С. 252.
6. NATO Doctrine for Peace Support Operations. 28 February 1994. – Mons. Peacekeeping Section. Supreme Headquarters Allied Powers in Europe, 1994. – 79 p.
7. The Alliance's Strategic Concept. Approved by the Heads of State and Government participating in the meeting of North Atlantic Council in Washington D.C. 1999 // [http://www.nato.int/cps/en/natolive/official\\_texts](http://www.nato.int/cps/en/natolive/official_texts)
8. Remarks to Security Council open debate on United Nations Peacekeeping: A Multidisciplinary Approach. Secretary-General Ban Ki-moon, Security Council, 21 January 2013 // <http://www.un.org/News/Press/docs/2013/>

Кукеева Ф.Т., Ормышева Т.А.

### ЗЕЛЕНАЯ ЭКОНОМИКА – НОВАЯ ПАРАДИГМА РАЗВИТИЯ: ИНИЦИАТИВА КАЗАХСТАНА

Современное мировое сообщество столкнулось с вызовами и угрозами, связанными с негативным воздействием человека на окружающую среду, истощением природных ресурсов и нарушением баланса биосферы. Согласно оценкам ООН к 2030 году миру потребуется на 50% больше продовольствия, на 40% больше энергии, на 30% больше воды, миллиарды рабочих мест в сравнении с 2000 годом [1]. Все эти проблемы напрямую связаны с экологической безопасностью, которая в свою очередь является неотъемлемой частью обеспечения устойчивого развития государств мира.

Усилия передовых стран направлены на установление, расширение и углубление международного сотрудничества с целью определения выходов из экологического кризиса. Важный вопрос об экологическом сотрудничестве на глобальном уровне и выработке стратегии устойчивого развития был поднят на саммите в Рио-де-Жанейро в 1992 году. Саммит способствовал развитию нового политического дискурса, в рамках которого международные и национальные организации совместно с индивидуальными и неправительственными акторами искали альтернативные варианты политики. Участники этой конференции актуализировали проблему экологической безопасности для всех стран мира.

Конференция Рио+20 была призвана активизировать поиск путей развития мирового сообщества с целью обеспечения процветания и безопасного справедливого экологически ориентированного будущего для всех людей. На конференции, проходившей с 20 по 22 июня 2012 года в Рио-де-Жанейро, была принята итоговая декларация «Будущее, которое мы хотим», в которую